

ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ:

Облик Кейки  
батыра восстановят  
венгерские ученые

2 ▶



По линии  
партийного  
контроля

2 ▶



Қарттарым,  
аман сау  
жүрші!

3 ▶

Совет деловых  
женщин



5 ▶



# АРҚАЛЫҚ

АРҚАЛЫҚҚА  
АРҚАЛЫКУ



ЖЫЛ!  
ЛЕТ!

## хабары

21 октября 2016 г.

№ 43 (636)

[www.arknews.kz](http://www.arknews.kz)

[arkalyk.habar@mail.ru](mailto:arkalyk.habar@mail.ru)

ҚАЛАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ГАЗЕТ | ГОРОДСКАЯ ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

## Бывшая школа возродится и... станет колледжем



Бригада строителей  
ТОО «Алюминстрой»  
обсуждает проект  
капремонта здания  
профколледжа. На  
снимке в центре глав-  
ный инженер Совет  
ШЕРИЯЗДАНОВ.

Под занавес строительного сезона у ТОО «Алюминстрой» появился новый фронт деятельности, который позволит сохранить часть рабочих мест на время строительных работ. Ведь градостроительному предприятию представилась возможность выступить в качестве субподрядчика на время капитального ремонта здания учебного корпуса и мастерских Аркалыкского политехнического колледжа, расположенного по проспекту Абая, 112.

Уместно будет напомнить, что в свое время в этом здании, что расположено в шестом микрорайоне когда-то базировалась средняя школа №6. Затем, во времена оптимизации жилого фонда, администрация школы переехала поближе к центру города, а корпуса бывшего учебного заведения были законсервированы. Лишь только в сравнительно недавнее время один из пяти корпусов школы был переоборудован под мастерские Аркалыкского политехнического колледжа. Но основная часть бывшей школы, включая все три ее этажа, так и осталась по сей день незаполненной, с каждым годом приобретая все более неприглядный вид. Что тут говорить, если, к примеру, часть окон здания и вовсе осталась без стекол, места которых ныне «украшают» фанеры, картонки, да заделки из досок. Многие другие конструкции также навивают удручающее настроение. Теперь же, благодаря финансированию из республиканского бюджета, у здания появилась возможность, что называется, получить новую

жизнь.

Сметная стоимость проекта по капитальному ремонту здания составляет почти 551,3 млн. тенге. При этом львиная доля затрат, а именно более 321,3 млн. тенге придется на субподрядные работы, которые, как выше сказано, будет выполнять ТОО «Алюминстрой». Остальная часть освоения денежных средств ложится на заказчика, которым выступает филиал «Енбек-Костанай» республиканского государственного предприятия на праве хозяйственной собственности «Енбек» исправительных учреждений Комитета уголовно-исполнительной системы Министерства внутренних дел РК. Как ожидается, работы по капремонту здания будут закончены во второй половине будущего года. На первоначальном этапе ТОО «Алюминстрой» предстоит отремонтировать кровлю в корпусе «А», установить окна, а также усилить ряд строительных конструкций. Остальные оговоренные виды работ придутся уже на 2017 год.

**Уважаемые аркалыкчане!**  
**Подпишитесь на газету**  
**«Аркалык хабары»**  
**на 2017 год!**

**Стоимость годовой подписки:**

- для физических лиц – 4000 тенге
- для юридических лиц – 4200 тенге

«АХ» – восторга междометье,  
«АХ» – мы говорим столетья!  
«АХ» – пусть будет на устАХ,  
В ваших офисАХ, домАХ!



Наш адрес: ул. Ш.Жанибека, 72 (здание ТОО «Алюминстрой»), 1 этаж. Тел.: 7-52-00, 7-26-52.

5 ▶



## По линии партийного контроля

На прошлой неделе состоялось совместное собрание областной и городской депутатских фракций при партии «Нур Отан» и комиссии «Нурлы Жол» при депутатской фракции городского маслихата по направлению: «Модернизация инфраструктуры ЖКХ, сетей водо- и теплоснабжения, укрепление жилищной инфраструктуры».

### Ни одно обращение не останется без внимания

Работа депутатов и членов комиссий проходила в ходе заседаний в актовом зале Аркалыкского городского филиала партии «Нур Отан» и в стенах актового зала Аркалыкского многопрофильного колледжа «Казпотребсоюза». В то же время депутаты побывали на объекте, расположенном вблизи села Айдар, где в эти дни строятся две резервные линии электропередач с понижающей подстанцией, в том числе предназначенные для подпитки электроэнергией цехов и участков ТОО «Агроинтерптица».

Надо заметить, что делегация из областного центра была представительной. В числе тех, кто посетил наш город, были руководитель депутатской фракции Костанайского областного филиала партии «Нур Отан» Екатерина СМЫШЛЯЕВА, депутат Костанайского областного филиала партии Татьяна БУГАЦЕВИЧ, заместитель председателя территориального объединения профсоюзов Костанайской области Руслан СМАИЛОВ и другие.

В процессе совместного собрания был проведен и анализ обращений, поступивших в общественную приемную Аркалыкского городского филиала партии за 9 месяцев текущего года. В частности, как сообщил консультант Аркалыкского городского филиала партии Берик ГАБДУЛЛИН, за указанный промежуток времени в общественную приемную партии поступило 317 обращений от граждан. Вопросы, по большому счету, разнохарактерные. К примеру, по поводу трудоустройства, невыплаты заработной платы, конфликтов

с работодателем обратилось 116 человек или 36%. Вопросы относительно сферы жилищно-коммунального хозяйства поступили от 88 граждан или 27,7%. По поводу выделения жилья и земельных участков обратилось 44 человека или 13,8%. Вопросы социального обеспечения, то есть выплата пенсий, льгот, пособий и т.д., волновали 22 человек или 6,9%. По поводу вопросов, связанных со сферой образования обратилось 19 граждан или 6%. Проблемы, относящиеся к сфере здравоохранения затронули 12 человек или 3,7%. Такие моменты, как кредитование, рефинансирование, бизнес и предпринимательство интересовали 7 человек или 2,2%. Жалобы на сотрудников правоохранительных органов и лиц, осуществляющих исполнительное производство, госслужащих, гражданских служащих и т.д. волновали 1 человека или 0,3%. Вопросы, касающиеся судебной и правоохранительной системы задали 8 человек или 2,5%. При этом из 317 обращений положительно были решены 133 (41,9%), на остальные 184 обращения (58%) были даны консультации.

Докладчик также пояснил, что все поступившие обращения городским филиалом партии направляются в уполномоченные органы для принятия решений. Кроме того, за отчетный период были проведены 2 приема граждан в различных условиях в рамках республиканских акций, в ходе которых были приняты 7 человек. Проведены и 3 приема граждан по линии акции, связанной с совместной консультацией сотрудниками юстиции и городского филиала партии. В данном случае за консультациями обратилось 12 человек. Во время проведения встреч граждан по личным вопросам в общественной приемной партии были даны и другие разъяснения, в том числе были даны советы по тем или иным волнующим горожан вопросам.

### модернизация или проекты в документах и в действии

По строительству линий электропередач в селе Айдар проинформировали эксперт Аркалыкского городского

# Облик Кейки батыра восстановят к 25-летию Независимости РК

Не только сообщество историков Казахстана взбудоражила новость о возвращении останков нашего великого предка, батыра Кейки (Нурмаганбет) Кокембайулы, но и всех казахов, неравнодушных к истории своей родной страны. Череп нашего легендарного земляка, одного из предводителей Национально-освободительного восстания в Тургае 1916 года, после возвращения на Родину, был доставлен в столицу Венгрии. Там венгерские ученые пообещали провести антропологические исследования, доказать подлинность останков и восстановить облик батыра в 3D формате.

Почти все республиканские СМИ трубили о том, как экс-премьеру К. Масимову удалось провести переговоры о возвращении останков Кенесары хана и Кейки батыра. Череп батыра уже был передан Правительству Казахстана из знаменитой кунсткамеры – Музея антропологии и этнографии Петра Великого, находящегося в городе Санкт-Петербург.

Недавно стало известно о том, что наше Правительство передало череп ученым из Будапешта. Инициатором проведения антропологического исследования стал небезызвестный в наших краях ученый из Венгрии, антрополог Андраш Жолт БИРО. Небезызвестный он не только потому, что является достаточно широко известным ученым, но и потому, что он неоднократно посещал Аркалык, Торгайскую степь, Казахстан. Венгры одни из первых доказали на генетическом уровне родство венгров и казахов. Наибольшее сходство с венграми ДНК обнаружены у представителей рода Мадьяр. Выходцы



Венгерский антрополог, хорошо известный аркалыкчанам Андраш Жолт БИРО справа с коллегой изучают череп батыра

из этого рода больше всего проживают именно в Торгайском регионе. Немало их и в Аркалыке.

С начала 2000 годов венгерские ученые не раз посещали город Аркалык, проводили курултай, обменивались обычаями, изучали нашу историю. Наши братья по крови и в этот раз неравнодушно отнеслись к большому историко-культурному событию – возвращению останков Кейки батыра. Напомним для читателя, что венгерские ученые в 2011 году восстанавливали облик Абулхаир хана – предводителя Младшего жуза на основе предположительно ему принадлежащих останков. Анализ ДНК подтвердили сходство хромосом с прямыми потомками Абулхаир хана и венгры восстановили черты лица этой значимой исторической личности.

Кейки батыр, может быть, менее знаменит, чем

потомок Чингисхана, но не менее значим в историческом контексте. С этим, наверно, не поспорит никто. Ведь именно Тургай был одним из самых активных очагов революций и протеста против царской колонизации. Один Кейки батыр умудрился на протяжении долгих лет скрываться от своих недругов, оказывая скрытое сопротивление всем, кто покушался на его родную землю. Кейки батыр – живое олицетворение борьбы за Независимость казахского народа. Он был настолько искусным бойцом, охотником-одиночкой, что о нем слагали легенды, а царская, затем и советская власть, которую Кейки батыр тоже не признал и считал врагом, боялись всерьез. Друг и соратник Амангелды батыра, Абдиганпар хана – вместе они стали защитниками интересов казахского народа.

Однако, сведения о жиз-

ни, полной борьбе, Кейки батыра вряд ли можно найти в советских учебниках по истории Казахстана. Имя его было табу десятки лет. О его деяниях не принято было говорить, и если даже и говорили, то имя приходилось подменять. Так, один из талантливейших писателей Казахстана Акан Нурманов написал о нем роман «Құланның ажалы» - (Смерть Кулана) и ему пришлось использовать литературный прием – аллерию, не называя конкретно имени самого батыра. Сам батыр из Среднего жуза, рода Кулан Кыпшақ, поэтому и использование имени рода в названии произведения подразумевает самого батыра. К слову, данный роман вошел в список 100 лучших романов казахской литературы. Также образ Кейки батыра находит отражение в пьесе еще одного писателя - Габита Мусрепова. Там он упоминается, как Кете батыр. Лишь только после обретения суверенитета, имя Кейки стало символом мужества, борьбы, безграничной любви к Родной земле.

Мне кажется, что образ Кейки батыра вполне напрашивается на воплощение в кино и мог бы стать идейным вдохновителем для многих, кто почитает и любит свои корни. И такие благие дела, как возвращение останков батыра в родную землю, проведение антропологических исследований, восстановление облика – все это огромный вклад в историю и идеологию нашей страны, тем более в преддверии 25-летия Независимости РК. Ведь именно такие исторические личности, как Кейки батыр, и были одними из первых казахов, кто ревностно отстаивал свою свободу и право жить в бескрайних степях в самом сердце Евразии. На той земле, которую оставили предки, отдавая свои жизни и проливая кровь.

**Кайрат ЕСМАГАНБЕТОВ**



рок за целевым и эффективным расходованием бюджетных средств и средств, выделенных из Нацфонда РК в рамках реализации данной программы, в городском филиале партии были закреплены ответственные лица из числа депутатов городского маслихата. Сформированная комиссия неоднократно выезжала на объект. На данный момент здесь уже возведен фундамент, осуществлено строительство кабельных линий и ожидается постав-

ка оборудования из г. Кентау. Поставка необходимого оборудования должна будет осуществлена в ноябре текущего года. В целом же по состоянию на начало октября генподрядчиком на этом объекте было освоено 10 млн. тенге. Срок завершения работ и сдачи объекта назначен на декабрь нынешнего года.

Выделены средства в размере 18 млн. тенге и на реализацию объекта, связанного с реконструкцией канализационных очист-

ных сооружений в с. Айдар. Здесь уже заказчиком выступает отдел строительства акимата г. Аркалыка. По данному проекту с апреля по август несколько раз объявлялись открытые конкурсы на проведение обследования. Однако конкурс так и не состоялся из-за того, что не было предоставлено заявок. Между тем, в середине августа был заключен договор с ТОО «Проектно-исследовательское предприятие Костанай-водопроект» на сумму 15 млн. тенге. Как результат, к настоящему моменту по проекту на разработку проектно-сметной документации было выделено 15 млн. тенге, а на госэкспертизу 1,5 млн. тенге. В случае если проект будет одобрен, вполне вероятно, что его реализация начнется уже в будущем году.

**Виталий САЯПИН**



## Еңбек адамы - елімнің мақтанышы

Қаладағы Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде «Еңбек күні» мерекесіне орай «Елімнің мақтанышы-еңбек адамы» деген тақырыпта кеш болып өтті. Кештің мақсаты мамандықтар жөнінде мағлұмат бере отырып, мамандық таңдауда жауап-кешілікті қалыптастыру, әрбір адам алдына мақсат қоя білуі, мақсатына жету үшін аянбай еңбек ету керектігін жас ұрпаққа түсіндіру, туған жерімізде ерен еңбектерімен, кәсіпкерлігімен халықтың, елдің қолдауына ие болып жүрген азаматтар-

дың еңбектерін оқырман қауымға насихаттау болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласының жариялануы жаңарған, жаңғырған қоғамыздың өміріне рухани күш-қуат, тың серпін берді. Осы мақалада Елбасымыз «Әркім өз еңбегі арқылы мемлекетті көркейте білсе, сонда ғана мемлекет қуатты болады. Адам қандай мамандық иесі болса да, өз ісінің шебері болуы керек. Сондықтан әрбір адам өз қабілетіне қарай ма-

мандық таңдауы керек. Әркім өзіне табиғат берген дарынын дамыту керек, соған сәйкес бір мамандықты ғана таңдап, соның шыңына шығу керек. Бұл да Отанға қызмет ету болып саналады» деді. Еңбекті сүю, еңбек ете білу, өз болашағын мен елдің келбетін адал еңбек арқылы қалыптастыра білу де - өнер. Еңбексіз өмірде ештеңе де болмайды. Еңбегімен еліне үлгі бола білген, өз ісінің қыр-сырын бес саусағындай білетін қаламыздың құрметті азаматтары Қайырдан Жиенбаев ағамыз бен алғашқы құрылысшы, «Алномини-

строй» ЖШС-нің инженері, еңбек ардагері Совет Шериязданов ағамыз қонаққа келіп, болашақ жас мамандарға өздерінің жүріп өткен еңбек жолдарын баяндап, жақсы маман болу үшін қажырлы еңбек пен мамандыққа деген махаббат керек екенін, өз ақыл-кеңестерін берді. Кеш барысында оқырмандарға заманауи мамандықтар жөнінде мағлұматтар беріліп, ән шырқалып, көркем сөз оқылды.

**Әсел ШАГИРОВА,**  
**№2 ОҒӘК оқу**  
**залының**  
**кітапханашысы.**

## Ұлттық өнерді ұлықтаған

**Арқалық қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ-нің ұйымдастыруымен қолөнер шебері- Шөптібай Байділдиннің 70- жылдық мерейтойына арналып кездесу кеші ұйымдастырылды.**

Облыс көлеміне, республикаға танымал, ұлт мәдениетінің жанашыры, қазақ ою-өрнектерін зерттеумен айналысып жүрген өнертанушы, Әлемдік Шыңғысхан Академиясының академигі, этнограф, жазушы, қолөнер шебері, «Қазына» сыйлығы-

ның екі мәрте иегері - Шөптібай Байділдиннің ою-өрнек көрмелері 1992 жылы Түркияда өткен Студенттер фестивалінде және 1996 жылы Америкада өткен Атланта Олимпиадасында қойылды. Ою-өрнек жасаумен қырық жылдан аса уақыттан бері айналысады. Ою-өрнектерінің 2000-нан аса түрін жасаған. Торғай аймағының тарихы мен одан шыққан тарихи тұлғаларға байланысты зерттеулер жазған, Торғай аймағы Жер-Су атауларының шығу тарихын зерттейді, сонымен қатар өнерге байланысты мақал-мәтел, аталы сөздер, сирек шертпе

күйлер, фото-суреттер жинаумен айналысады. Ш.Байділдин осы уақытқа дейін 4-кітап шығарды. Мұнда оюдың манызы мен мәні, жасау жолдары жан-жақты баяндалған. Ол келешекте ою-өрнектерінің өндіріске еңгізіліп, қалың көпшіліктің көдесіне асуын армандайды. Кездесу кешіне - Нәзіпа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен Родина жалпы орта мектебінің оқушылары қатысты. «Арқалық қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» басшысы Маметеков Исламбек Жәнісұлы құттықтау

сөз сөйлеп, кеш қонағына естелік ретінде сыйлық тарту етті. Арқалық қаласының Орталық кітапхана ұжымы – кездесу кешінің қонағына зор денсаулық, Астана қаласында өтетін ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуына тілектестік білдірді. Оқырмандар мен студенттер оюшының өмірі мен шығармашылығы жайында көп мағлұмат алды, күй шертіліп, ән шырқалды, кездесу кеші мазмұнды әрі тартымды өтті.

**Сандуғаш САДУАҚАСОВА,**  
**Орталық кітапхана**  
**библиографы.**

## Кеш өтсе-осылай өтсін...

Шүкір, қазақта тілімен тас жарып, өнерімен дүйім жұртты тәңті қылып, ел есінде қалған саңлақ азаматтарымыз баршылық. Сол дара-боздарымыздың бірі - Төкен Елтебаев еді. Арда азамат 1974 жылы құрылған «Шертер» ұлттық-этнографиялық ансамбліне алғашқы директор болып тағайындалып, шаңқобыз, саз сырнай, жетіген, шертер, асатаяқ сынды жәдігерлерімізді сахна төріне шығарып, қайта жаңғыртты. Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де барып ұлттық өнерімізді сан мәрте паш етіп, қазақ даңқын асқақтата түсуіне өзіндік өшпес ізін қалдырған қазақтың маңдайына біткен біртұрар ерек тұлға.

Міне, осы қайталанбас жанның портреттік кеші Қасиетті жұма күні қалалық кітапханада қызықты әрі әсерлі өтті. Естен кетпес кешке Төкен Елтебаевтің шәкірті Отаркүл Мұқатова, Дариға Құрманова, қыздары Гүлсін Төкенқызы мен Гүлбану Төкенқызы және кеш-



тің қадірлі қонағы болып, Әмина Сарманова мен Жұмағали Өмірбеков келді.

Төкен аға Арқада өнердің сөнбес шырағын жағып, өскелең ұрпаққа өнерді сүюді, музыканы құрметтеуді, адами құндылықтарды сақтауды үйретіп кетті. Бұған қоса портреттік кеште Төкен ағамен өткен кездестуралы естеліктерін естігенде, ағаның адамгершілігі

мен кішіпейілдігі, таланттылығы мен кең пейілділігіне тәңті болып, ұлы тұлғаға басымызды идік.

Кеште бұлбұлдай сайраған Отаркүл Мұқатованың әні құлағымыздың құрышын қандырса, Дариға Құрманованың әңгімесінен кейін көзімізге жас алдық. Жүректен шыққан ән жүрекке жетеді демекші, «Құстар қайтып барады» әнін Нәби-

ра Шағыпқызымен бүкіл зал болып бірге шырқадық. Көңілге үлкен ой түйіп, санаға сарқылмас бұлақ кұйды. Кеш өтсе, осылай-ақ өтсін, десіп, қимастықпен тарастық. Осындай тамаша портреттік кешті ұйымдастырған Әлия Әубәкіроваға алғысымыз шексіз.

**Екпін РӘНӘ,**  
**АрқМПИ студенті.**

## Қарттарым, аман сау жүрші!

**Арқалық қаласының құрметті азаматы зейнеткер Кәки АҚАНҒА**

Жан жарыңнан айырылып жараландың,  
Бағып жатыр құдай берген балаларың.  
Сөз айтасың шешендерге, ағыласың,  
Кәдімгі сарқытындай даналардың.  
Тағдырдың дауылына қарсы тұрып,  
Тарта бер ғасыр жасқа, қара нарым!

**Байырғы бас есепші, зейнеткер Балтабай САРМҰХАМБЕТҰЛЫ және жұбайына**

Қосылған қос өзендей дариялар,  
Ұрпағы өскен бір-бір үй, жанұялар.  
Мәуелеген кәдімгі қос бәйтерек,  
Иілмейтін емендей қариялар.  
Ғасыр жаста ғажайып би биленіп,  
Шырқасын кең дауысты ариялар.

**Құрметті қажылар Мираш ТӘШЕТҰЛЫ және жұбайына**

Мекке Мәдинаға талай бардың, қажымадың,  
Білдіңдер жүрек, шіркін, жазыларын.  
Мұсылмандық жолында ақ ниетті  
Елімізге құрметті қажыларым.  
Сүейді тіршілікте қиналғаның,  
Бұл да болсын бір Алланы сыйлағаның.  
Көмектерің көңілдің кірін жуар,  
Ай болып жарқырасын имандарың.

**ҚР-ның мәдениет қайраткері, зейнеткер Жұмағали ӨМІРБЕКОВКЕ**

Білесіз ғой тағдыр оттың сөнгенін,  
Мықтысыз ғой бәріне де көнгенің.  
Сүю деген жүрегіңмен ән шырқап,  
Көтере бер тек көңілін жеңгемнің.  
Көрінбейді қолыңдағы таяғың,  
Жайлы жүріс жаңға тимес аяғың.  
80-90-100 жасыңа жеткенше  
Түспесін қолдан домбыра мен баяның.

**Жангелдин ауданының құрметті азаматы, зейнеткер Орекен АЛМАТҰЛЫНА**

Өмір жол тегіс, ор екенін,  
Бақытқа жету, зор екенін.  
Аңыз ғып шертіп жүрген абыздарды,  
Біледі шежірелі аға Орекенің.  
Қыздай боп тым жастай соңыңа ерген,  
Жақсыны да жаманды да бірге көрген.  
80 жасқа алып келді сүріндірмей,  
Ардақты аяулы жан, асыл жеңгем.

**ҚР-ның мәдениет қайраткері зейнеткер Бөлтірік МОЛДАШҰЛЫНА**

Шертесің серік қылып домбыранды,  
Өмірің құлағыңдай мың бұралды.  
30-ақ жыр қалыпты-ау ғасыр жасқа,  
Тастап кет бойыңдағы мол мұранды.  
100 жасқа жеткенінде бір желпініп,  
Шырқалсын ұрпағыңа қоңыр әнді.

**Қалалық зейнеткерлер төрағасы Жәнібек ҒАПБАСОВ пен жан жарына**

Сүйікті әні Аққұм мен Қарғашы,  
Кетсінші баритонның садағасы.  
Ардақты Ғапбасов Жәнібек аға  
Қалалық зейнеткерлер төрағасы.  
Өнердің өр жолымен барады өрлеп,  
Қасында баянымен Қарлығашы.

Қарттық па бойда мұңдарың,  
Таусылмас тарих сырларың.  
Қарттарым, аман сау жүрші,  
Жазылар талай жырларым.

**Болат МОЛДАШҰЛЫ**

# Тарихты тасқа қашаған


Қазақ тарихында 1936 жыл ерекше есте қалған. Осы жылы қазақ әдебиеті мен өнері, мәдениетінің Мәскеуде онкүндігі өтіп, мәскеуліктер Қазақстан өнер шеберлері өнеріне таң қалып, жоғары баға берді.

Жамбылдай жыры алыбы, Күләштай әнші, Шарадай бишілер талантына тәнті болған. Халқымызға абырой әперген сол жылы дүниеге келген Батпаққара табаны балалары да өнер десе ішкен асын жерге қояр, талант иелері болды. Ауданымыздағы тұңғыш кәсіби музыкант, консерватория түлегі Төкен Елтебаев, халық театрын құрған Мейрамхан Қапышов, күйші – домбырашы Бәшәрин Қажымұратов, әнші Тоқбай Тұржанов, өнер, спорт майталмандары Тәшім Құсайынов, Чапай Хасенов, Орынбасар Исағұлов, Бақытжан Байділдиндер де осы жылдың тумалары. Олардың бәрі тірі болғанда 80 жасқа толар еді, «жамзыштан озмыш жоқ» деген ұрпақтары бүгінде дұға бағыштауда. Осы жылы туып, аудан мәдениетіне ерекше еңбегі сіңген, рухани байлығымызды арттырған ауданның тұңғыш мүсіншісі Әбілбек Ұзақовтың 80 жасқа толу мерейтойын жақында балалары Арқалық қаласында өткізіп, біз соның куәсі болдық.

Калинин колхозының жылқышысы Ұзақ ақсақалдың жалғыз ұлы Әбілбек бала жастан сурет салып, өзен жағасындағы саздан түрлі жануарлар мүсіндерін жасауды машық етіп өсті. Жалғыз ұлды жанынан шығарғысы келмеген әке – шеше оның қала баруына, оқуына мүлдем қарсы болды. Ерте үйлентіп, жүргізушілік мамандық әперіп, машина айдаып, көз алдында ұстаған. Осылайша ол елдегі көп шопырдың бірі болып жүре берер ме еді, егер мына бір оқиға болмаса. 1949 жылы сол кездегі аудан басшысы Оразалы Қозыбаев 1948 жылы қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруде жоғары еңбек жетістіктеріне қол жеткізгені үшін Кеңес Өкіметінің ең жоғары награда – Социалистік Еңбек Ері атағын алған 13 амангелділіктің мүсінін жасауға Алматыдан мүсінші Хакімжан Наурызбаевты елге алдырады. Сол кезде аудандық партия комитеті хатшыларын таситын Әбілбекке мүсіншіні Социалистік Еңбек Ері Алтынбай Мырзағалиевтің мүсінін жасау үшін Үрпекке апарып, жұмысы біткенше қасында болу тапсырылады. Екеуі Торғай өзеніне суға түсіп, жағалаудан саз жинайды. Кейіпкерін алдына отырғызып қойып, саз балшықтан басы мен денесі нобайын келтіріп жатқан мүсінші өнеріне қызыққан Әбілбек те тегін саздан алып өз бетінше жұмысқа кіріседі. Жәрдемшінің тегін адам емес екенін сезген мүсінші сазды біріктіруге қолданылатын сым темірлерін береді. Екеуі де жұмысты аяқтағанда жас жігіттің қолынан шыққан мүсінге риза болған алматылық қонақ ерекше тебіреніске түседі.

- Қарағым - ай, мына ауылда неғып жүрсің? Сен тұма талантсың ғой. Білім алсаң сеннен мықты мүсінші шығады. Мен сені Алматыға әкетіп оқытамын, - дейді. Бұл болса әке – шешесінің рұқсат бермейтінін айтады, іштей өнерін пындау үшін атақты ағасына еріп кеткісі де келеді. Әкесі Ұзақ пен шешесі Мәрияны көндіру оңайға түспейді.

- Мен де біреудің жалғыз едім, осы Әбілбектей ауылда жүргенімде елге Қазақстан компартиясы орталық комитеті хатшысы Оңдасынов ағай келіп менің өнерімді көріп, сіздердей қарсы болған әке – шешемді көндіріп оқуға алып кетті. Украинада Харьковте жоғары білім алдым. Сол жанашыр ағаның көмегі арқасында бүгінгі дәрежеге жетіп, халық құрметіне бөлендім. Ұлы адамның



ұлы жүрегі арқасында халық суретшісі болған маған да бір таланттың көзін ашу бақыты бұйырып тұрған шығар. Балаларыңды өз үйіңде жатқызып, өзің оқытамын, ештеңеден тарықтырмаймын, қорықпаңдар, - деген бейтаныс адамның ақтарыла сөйлеген сөзі әкесін жібітсе де, шешесі жалғыз ұлын көз алдынан кетіргісі келмей ұзақ отырды. Ақырында Ұзақ пен қонақ екеуі Мәрияны баласын оқуға жіберуге көндіреді. Бір кездері аудандық партия комитеті бірінші хатшысына қайың ағаштан жасап берген қаламсап, қарындаш салғышынан таланттың танып жоғары білім алуға себепші болған ұстазы, ұлттымыздың ұлыларының бірі Оңдасынов сияқты Хакімжан да батпаққаралық бала талантының көзін ашуға себеп болады. Күзде әкесінің сойып берген тоқтысының еті мен шешесінің құрт, майын салып алған көк чемоданын көтеріп, білім, өнер іздеген жас жігіт Алматы барады. Көп қиындықтармен жанашыр ағасының үйін тауып, ертеңіне Гоголь атындағы көркем сурет училищесіне барған оларды жағымсыз хабармен қарсы алады. Қабылдау емтиханы өтіп кетіпті. Жанашыр ағасы жоғарғы жақтағыларға бедел салып, Әбілбекті емтиханға кіргізеді. Мамандығы бойынша алынған емтиханда саздан жасаған мүсінші жоғары баға алғанымен, орыс тілінен «2» алған Әбілбек ұнжырғасы түсіп, ағасына хабарлауға ұялып, құжаттарын алуға оқу орны директоры кабинетіне кіреді. Қолында емтиханда жасаған мүсінші. Кіргенде байқамаған екен, директордың сол жағында газет қарап отырған кісі басын көтеріп, мұның қолындағы мүсінді алып көреді. Қайдан, қалай келгенін сұрайды, оқу ісі меңгерушісі орыс әйелінен жазған диктантты әкелтеді. Диктантта Әбілбектің көк сиясынан гөрі тексерушінің қызыл сиясы көп еді. Оны сыртқа шығарып жіберіп, іштей үшеу ұзақ кеңеседі. Әлден уақытта долырған оқу ісі меңгерушісі Әбілбекті оқты көзімен қадап ішке шақырады. Училище директоры Жұбанов Ақпарат Құдайбергелі кабинетінде түзетілген диктантты қайта көшіріп, әуірімдеп үшке қол жеткізеді. Оқу министріне телефон соғып, шалғайдағы ауылдан келген тұма таланттың бағын байламай, оқуға түсуіне қол ұшын берген бұл екінші адам – қазақ өнерінің майталманы, халық суретшісі Әбілхан Қастеев еді.

Осындай қазақ өнері майталмандары, ұлт жанашырлары көмегімен кәсіби білім алған ол аудандық мәдениет үйінде суретші болып ұзақ жылдар еңбек етті. 1974 жылы мектеп директоры Есмағанбетов Серікбай қолқа салып Аманкелді орта мектебі алдына халық батырының ескерткішін жасайды. Бүгінде аудандағы есімдері берілген мектеп алдына қойылған Б. Қолдасбаев, Ә. Боранбаев, Байғабылдағы есімі берілген мектеп алдындағы А. Нұрманов, мәдениет бөлімі алдындағы мәдениет майталманы Т. Елтебаев, дарынды жазушы А. Нұрманов ескерткішін жасаған, аудандық электр жүйесі алдына тұңғыш аудан энергетиктері Б. Сейденов, Қ. Шаяхметов

мүсіндерін сомдаған да осы Әбілбек. Ауданға келген қонақтар таныстықты алдымен мұражай алдындағы, елімізді басқыншы жаудан қорғаған қас батырлар, даңқты аталарымыз Иман, Жәуке, Қошқар батырлардың тас мүсіндерінен бастайды. Мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндер ел тарихын тануды ауладағы мүсіндерден бастайды. Өнер, білімге деген, білмекке, үйренбекке деген асыл қасиеттер қалыптасады. Әсемдік әлеміне аяқ басады. Жеке тұлғалар арқылы ел, халық, ұлт, туған жер тарихын зерттеп, таным көзжіегін кеңейтеді, елінің патриоты болуға ұмтылады. Білімге деген құштарлығы артады.

Бүкіл дүниежүзі мойындаған Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті, халқымыздың біртуар ұлы, әлемдік тұлға Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» тұғырнамасында болашақ ұрпақтың ел тарихын жетік біліп өсуге баса назар аударуымыз қажеттігі айтылған. Қазақстан болашағы – жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті. Аталар өткен қиын жолдың әр бұлттарысын ұрпақ білуге тиіс. Қазақ хандығының 550 жылдығын соншама кең ауқымда тойлануы тегіннен – тегін емес. Аталар өсиетіне берік. Олардың игі істерін алға апарар, өнегелі өмірінің жалғасы болар – жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде Әбілбектің еңбегі зор. Ол жасаған тас мүсіндер бүгін ғана емес болашақ ұрпақ тәрбиелеуде қызмет ете бермек. Ауданымыздың Үрпек, Байғабыл, Қарасу ауылдарында мүсінші жасаған Ұлы Отан соғысында шейіт болып, елге оралмаған жерлес жауынгерлерге арналып қойылған Ескерткіш – Белгі бар. Жылда 9 мамыр Жеңіс күндерінде осы ауылдарда ескерткіш маңайы ығы – жығы халыққа толады. Мойындарына көк галстук таққан Жас ұландар мен әскери киім киген жоғары сынып оқушылары, болашақ ел қорғандары салтанатты сапқа тұрады. Майдан әндері шырқалып, би биленеді. Алаң гүл шоқтарына толып, жиналғандар ата – бабалар ерлігіне тағзым етіп, ұрпағының болашағы үшін жанын пидә еткен жерлестеріне құран бағыштайды. Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін шейіт болғандар Ескерткіші алдында «Жас ұлан» қатарына қабылданушылар туған елге, халқына, ұлтына адал болуға, қазақ елін өркендетуге үлес қосуға ант береді. Алдыңғы ұрпақ терімен, қанымен келген тәуелсіздікті мәңгілік етуге, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу мақсатына аянбай еңбек етуге, білім алуға серттеседі. Үлкендер жағы жас ұрпаққа бата беріп, аталар өсиетіне адал болуды міндеттейді. Үш ауылдағы ескерткіштің де айтар ойы нық, мазмұнға бай, орындалу сапасы жоғары екендігін елге келген мамандардың пікірінен талай естігенбіз. Олар жұмыстың ұлттық нақышта, жергілікті халық табиғатына сай, ұлттық мүдде тұрғысына жасалғанына ерекше назар аударатын. Байғабылдағы Белгі композициясында кеңістікті бейнелеудегі ерекшелік, болашақ ұрпақпен ата – бабалар

арасындағы сабақтастық сауатты көрсетілгеніне таңданыс білдіргеніне куә болғанбыз.

...Ауданымызда екі бірдей кеңшарды облыстағы үлгітүрік шаруашылығы дәрежесіне көтерген, аманкелдінің Алдабергеновы атанған, ауылшаруашылығының ірі ұйымдастырушысы, Қазақстанның еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері, білгір де білікті басшы Әбдісадық Нұржановпен шығармашылық байланыста болып, Қарасуда «Ауыл тарихы» мұражайын жасауы – оның шығармашылығының үлкен бір белесі болды. Социалистік Еңбек Ерлері ағайынды Досан, Қошан, Есполовтар, Бисапак Шаяндин, Әбу Сыздықов, халық ақыны Сәт Есенбаев, Ленин орденді аға шопан Ғаппас Садуақасов, КСРО оқу үздігі Сабыржан Оташев, тұңғыш жоғары білімді кәсіпқой музыкант Төкен Елтебаев, сазгер Айтбай Мұздаханов, Қазақстанның ауыл шаруашылығы үздік қызметкері, Қазақ ССР – і оқу ісі үздігі Әбдісадық Нұржановтардың мүсіндері көрнекті жерден орын алды. Ел тұрмысы, кәсібі, мәдениеті тарихынан мыңнан астам экспонаттар мен жәдігерлер жинақталды, көшірмесі жасалды. Мұражайдың болашақ ұрпақ үшін атқарар қызметіне сол кездегі облыс басшылары Е.Н. Әуелбеков, С.В. Кулагин өзге де қайраткерлер жоғары баға берді.

Ұрпақ үшін атқарған ұлағатты істерімен ел құрметіне бөленген, Батпаққара табанынан шыққан тұңғыш мүсінші Әбілбек пен оның өмірлік қосағы Батиманың 80 жылдық мерейтойына жиналғандар мерейлі отбасының үлгі болар істері жайлы жүрек жарды пікірлерін ортаға салды. Жиналған қауымды, әсіресе, Аманкелді ауданында ұзақ жылдар комсомол ұйымына жетекшілік еткен, аудандық кеңес төрағасы орынбасары болған, өнер жанашыры сазгер, өнертанушы Жұмағали Өмірбеков, ауданда ішкі істер бөлімі бастығы болып жемісті еңбек еткен, өнерпаз жан Совет Керейбаев, Арқалық педагогикалық институты оқытушысы М. Кеңейілов, Кейкітанушы, өнертанушы Мұхамбет Рақым сөздері ерекше толғанысқа түсірді. Олар мерейтой иелерінің тек өздерінен туған балаларды ғана өсіріп қоймай, шығармалары мен өңір жастарын тәрбиелеп отырғанына кеңінен тоқталды.

- Бір ғана әкімдік ғимараты алдында тұрған Ұлт-азаттық көтеріліс басшысы Аманкелді бейнесін әр көрген сайын ойға батып, жаңалықты бірденше табамын. «Жастарымызды жат жерде қалдырғанша, туған топтырақ бұйырсын» деп атқа қонған көтерілісшілер басшысының терең ойлы, сабырлы, қайсар, елін сүйген ер келбеті қалай тамаша бейнеленген. Ұрпақ үшін одан артық сый бар ма? – деп тебіренген Жұмағали ағамыздың мағыналы да мазмұнды сөзін демімізді шығармай тыңдадық.

Әбілбек Ұзақов өзінің шығармашылық өмірінде 80 – ге жуық ірі жұмыстар жасаған екен. Аманкелді, Арқалықтан өзге Әулиекөлде, Торғайдың көрікті жерлерінен оның қолтаңбасын көруге болады. Ұлттымыздың біртуар ұлдарының бірі, ағартушы, ғалым

А. Байтұрсыновтың Әулиекөлдегі еңселі ескерткіші, өңір үшін өлшеусіз еңбек еткен Жақан Қосабаевтың Торғайдағы тас мүсінші Әбілбектің шебер қолынан шыққан. Биылғы жылы еліміз кеңінен тойлап жатқан 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің басты қаармандарының бірі, қилы тағдыр иесі, тотаритарлы кеңес үкіметінде есімі еленбей, Тәуелсіздігіміз арқасында халқымен қайта қауышқан Кейкі батыр бейнесін Арқалық мұражайы алдына орнатқан да Әлібек. Шойын жолмен Арқалыққа келген қонақтарды қарсы алып, шығарып салып тұрған төлек Жәуке бейнесін де сомдаған сол кісі. Әбекең жасы 80-ге келсе

де әлі өзін сергек сезінеді. Шығармашылық жұмыстан қол үзген жоқ. Шеберханасында торғайлық азаматтар өтінішімен жасалған өңірден шыққан тұңғыш генерал Жангелов ескерткіші толық аяқталыпты. Алматыда тұратын ұрпағы жасатқан Әбдіғалпар хан мүсінші де өзінің мәңгілік тұрағына орнатуға дайын тұр. Аманкелді тумасы болғандықтан да ауданымыздың белгілі азаматтарының бейнесін жасау оның шығармашылығынан кең орын алған. 60 жылдары ауданымызды басқарып, артына аңыз болар іс қалдырған білікті басшы Оразалы Қозыбаев бейнесімен жұмысты аяқтауға жақындапты. Аманкелдіден шыққан тұңғыш жоғары білімді оташы, талай адамды ажал тырнағынан арашалап қалған Ақбайзен Әлмағанбетов мүсінші жақында толық аяқтап шығыпты. Әбекең алдыңғы буын ағалары ғана емес кейінгі ұрпақ үшін де ел атын шығарып жүрген інілерін елге таныстыруды да мақсат еткен. Халықаралық бірнеше сыйлықтың иегері, шығармалары бірнеше шетелдерде тәржімаланған сөз зергері Сәбит Досанов бейнесін тасқа түсіруде. Патшалы ресейдің қазақ жастарын әскерге алуға шығарған жарлығына қарсы шыққан көтерілістің негізгі ошағы Торғай жерінде болды десек, сол халық қозғалысын ұйымдастырушы, көтеріліс басшылары болған Әбдіғалпар хан, Аманкелді сардар, Кейкі мерген бейнелерін жасаған талантты мүсінші еңбегі өз бағасын толық алып болды ма деген сұрақ туады көңілде. Үкімет тарапынан еңбегі бағаланып Құрмет орденін алды, облыс мецданаттары «Қазына» сыйлығының иегері. Кеш те болса өткен жылы Қазақстан суретшілер одағына мүшелікке қабылданды. Ауданымыз үшін болашағы жастар тәрбиесіне өлшеусіз еңбек еткен Әбілбек Ұзақовтың биылғы мерекелі жылда той үстінде Аманкелдінің Құрметті Азаматы атағы берілсе деген ұсыныс айтты көпшілік.

